



ХҒТАР 11.25.59

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-83-99>

Диаспоралардың жаһандық саясаттағы рөлі: Израиль, Қытай, Үндістан және Қазақстан тәжірибесі

Е.К. Чинчалинов¹ , Н.К. Мухлисов² , Г.С. Абдрахманова*¹ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Тұран-Астана университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: e-liga11@mail.ru, muhlisgulgara@mail.ru, Gauhar-abdrahmanova@mail.ru)

Аңдатпа. Диаспоралар қазіргі жаһандық саясатта трансұлттық акторлар ретінде маңызды рөл атқарады. Олар Отанымен және қабылдаушы елмен байланыстарын сақтап, саяси және экономикалық ықпалға ие болады. Израиль мемлекетінің құрылуы мен еврей диаспорасымен қарым-қатынасы осы мәселенің айқын мысалы болып табылады. 1950 жылғы «Қайту заңы» арқылы еврейлердің Израильге репатриациялану құқығы заңдастырылып, сионизм идеологиясы бекітілді. 1990-шы жылдардағы репатриациялық саясат дағдарысы диаспорамен өзара іс-қимыл формаларын қайта қарастыруды талап етті. Израиль еврей диаспорасының саяси және экономикалық әлеуетін пайдаланып, АҚШ-тағы ықпалды лобби – АІРАС арқылы сыртқы саясатта маңызды рөл атқарады. Бұл лобби Вашингтон мен БАҚ-тағы ықпалын пайдалана отырып, Израильдің мүдделерін қорғайды және қоғамдағы оң имиджін қалыптастырады.

Қытай диаспорасының ұғымы мен терминологиясы талданып, оның күрделілігі көрсетіледі. Австралиядағы қытай миграциясының тарихы мен себептері, соның ішінде 1970-1990 жылдардағы саяси және экономикалық факторлар қарастырылады. Қытай диаспорасының Австралиядағы әлеуметтік-экономикалық интеграциясы, кәсіпкерлік және білім саласындағы белсенділігі ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар, диаспораның Отанымен байланыстары мен экономикалық ықпалы талданады.

Үнді диаспорасының әлемдегі таралуы мен Үндістан үкіметінің олардың жағдайын реттеу саясаты қарастырылады. Шетелдегі үнділердің саны 27 миллионға жуық, олардың негізгі бөлігі АҚШ, Малайзия, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктерінде шоғырланған. Үкімет 2000 жылдан бері арнайы комитет пен министрлік арқылы диаспорамен жұмыс істеп, инвестиция тарту мен әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырады. АҚШ-тағы үнділердің саяси интеграциясына қатысты «қосарлы адалдық» феномені де талданады.

Қазақстанның қазақ диаспорасын қолдау мәселесі «Отандастар қоры» мен «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясының қызметтері арқылы іске

Түсті: 03.12.2024; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

асырылады. «Қазақ үйі» жобасы әлем бойынша мәдени орталықтар желісін құрып, қазақ тілін, мәдениетін насихаттайды. Халықаралық іс-шаралар мен «Ұлы дала» әдеби байқауы қазақ диаспорасының рухани байланысын нығайтып, мәдени мұраны сақтауға бағытталған. Бұл жұмыстың барлығы қазақ диаспорасының ұлттық болмысын нығайтуға және экономикалық ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: диаспора, трансұлттық акторлар, Израиль, еврей диаспорасы, әлеуметтік интеграция, үнді диаспорасы, инвестиция, қосарлы адалдық, Қазақстан, қазақ диаспорасы, мәдени орталықтар, мемлекеттік саясат.

Кіріспе

Диаспоралар қазіргі жаһандық саясатта ерекше маңызға ие трансұлттық акторлар ретінде қарастырылады. Олар өздерінің тарихи Отанымен және қабылдаушы елдермен тұрақты байланыстар орнатып, саяси, экономикалық және мәдени ықпал көрсетеді. Диаспоралардың халықаралық деңгейдегі белсенділігі олардың тек қоныс аударған адамдардың жинағы емес, саяси және экономикалық мүдделерін жүзеге асыратын күшті әлеуметтік институттарға айналғанын дәлелдейді. Қабылдаушы елдерде интеграцияланып, түрлі салаларда, оның ішінде кәсіпкерлік, білім және мәдениетте белсенділік таныту арқылы диаспоралар өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәртебесін арттырады. Сонымен қатар, олар Отанымен қарым-қатынастарын сақтай отырып, екі жақты инвестициялар мен экономикалық ынтымақтастықтың дамуына септігін тигізеді. Мемлекеттік деңгейде де көптеген елдер диаспораның әлеуетін пайдаланып, мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланыстарды нығайтуға бағытталған арнайы бағдарламалар мен жобаларды іске асырады. Бұл жағдай диаспоралардың ұлттық мәдениетті сақтау мен нығайтудағы рөліне, сондай-ақ олардың халықаралық саяси және экономикалық процестерге әсеріне ерекше назар аударуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда диаспоралар әлемдік саясаттағы жаңа трансұлттық қатысушылар ретінде қарастырылып, олардың рөлі жылдан-жылға артып келеді.

Израиль, Қытай, Үндістан және Қазақстанның шетелдегі диаспораларға қатысты жүргізетін саясаты олардың ұлттық мүдделерін халықаралық аренада қорғау мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл елдердің диаспораларымен тиімді жұмыс істеу тәжірибесін зерттеу қазіргі жаһандық саясаттағы трансұлттық акторлардың ықпалын түсінуге және олардың экономикалық, саяси және мәдени байланыстарын нығайтуға бағытталған стратегияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Израиль, Қытай, Үндістан және Қазақстанның диаспораларға қатысты саясаттары салыстырмалы талдау әдісі арқылы қарастырылады. Салыстырмалы талдау әр елдің диаспорамен өзара іс-қимыл тәсілдерін, мемлекеттік бағдарламалары мен экономикалық, мәдени ықпалдарын салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, статистикалық талдау диаспоралардың саны, олардың таралу географиясы, әлеуметтік-

экономикалық белсенділігі мен инвестиция көлемін нақты көрсетеді. Бұл әдіс әр елдің диаспоралық саясаттарының тиімділігін және олардың қабылдаушы елдердегі ықпалын сандық тұрғыда бағалауға септігін тигізеді. Жүйелік талдау арқылы диаспоралардың ұлттық және халықаралық деңгейдегі рөлдері, Отанымен және қабылдаушы елдермен байланыстары кешенді түрде қарастырылады. Бұл тәсіл диаспоралардың саяси, экономикалық және мәдени функцияларының өзара байланысы мен әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, қолданылған үш талдау әдісі мақала тақырыбының күрделілігін жан-жақты түсінуге және әр елдің диаспоралық саясатының ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі.

Әлемдік саясатта ықпал ету ресурстары барған сайын жіктеліп, әртүрлі акторлар арасында бөлінуде. Қауымдастықтардың жаһандық саясаттағы рөлі олардың қандай да бір ықпал ету ресурстарына ие болуына байланысты, әлде егер ие болса, ол қандай ресурстар екендігіне байланысты болады. Ірі қауымдастықтар бірегей ықпал ету ресурстарына ие бола алады. Егер диаспоралар осындай ресурстарға ие болып, оларды сыртқы саяси мақсаттарда қолданса, онда оларды әлемдік саясаттың құрылымдық бірліктерінің бірі, поствестфальдық жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастырып жатқан үлкен мозаиканың бір бөлігі деп санауға болады. Диаспоралар аясындағы ынтымақ пен саяси жұмылу көбінесе қабылдаушы елдегі ұлтшылдықтың күтпеген әрі көбіне агрессивті дамуына жауап ретінде пайда болады.

Диаспоралардың жаһандық саясаттағы рөлін қарастырғанда, олардың пайда болу негізінде эмоционалдық байланыстар жататынын ерекше атап өту қажет. Бұл байланыстар саяси өзара әрекеттесуге қарағанда анағұрлым күшті болуы мүмкін, бірақ институционалды коммуникациямен салыстырғанда тұрақтылығы аз. Қарапайым тілмен айтқанда, диаспоралар жоғары тиімділікпен әрекет ете алады, бірақ тез «сарқылып» қалуы да ықтимал. Сондықтан диаспора ресурстарын тиімді пайдалану үшін шебер тәсіл қажет.

Диаспоралар бастапқыда шекараларды елемейтін, адамдарды мәдени ортақтық (ынтымақ, сәйкестік, мифтер жиынтығы) негізінде біріктіруге ұмтылатын қауымдастық ретінде қалыптасады. Сондықтан олардың қызметі трансұлттық сипатқа ие, ал ықпалы – трансұлттық тетіктер арқылы жүзеге асады. Осылайша, диаспоралар жаһандық саясаттағы үкіметтік емес (трансұлттық) акторлардың белгілі бір критерийлеріне сәйкес келеді. Трансұлттық акторлардың қызметі көптеген салаларды қамтиды және соншалықты жылдам дамып келеді, ғылыми зерттеу оны толықтай тіркеп, түсіндіруге үлгере бермейді.

Әлемдік саясаттағы үкіметтік емес акторлардың саны көп әрі түрі сан алуан болғанына қарамастан, оларды бірқатар ортақ сипаттар біріктіреді. Зерттеушілер М.Кек пен К.Сиккинг трансұлттық акторларға тән мынадай ерекшеліктерді атап көрсетеді: коммуникация құралдарын креативті қолдану; өзгерістерге қол жеткізуге деген сенімділік; принципшілдікпен қатар күрделі саяси стратегияларды, соның ішінде басқа акторлармен коалиция құруды шебер пайдалану. Сонымен қатар, үкіметтік емес акторлар қажетті шешімге қол жеткізу үшін моральдық беделге және белгілі бір саладағы жоғары ақпараттандырылғандыққа сүйене алады.

Қазіргі уақытта шетелдегі диаспоралармен жұмыс істеу бойынша әлемдік тәжірибеде үш негізгі үлгі бөлініп көрсетіледі: репатриациялық (тарихи отанына көшіру), патерналистік (отандастардың құқықтарын қорғау және оларға материалдық

қолдау көрсету), прагматикалық (диаспораның саяси, экономикалық және лоббистік әлеуетін пайдалану негізіндегі үлгі). Ешбір мемлекет бұл үлгілердің бірін таза күйінде қолданбайды, бұған, мысалы, Израильдің көзқарастарының эволюциясы дәлел бола алады. Еврей диаспорасы мысалында Израиль мемлекеті құрылғаннан бергі кезеңде әлемдік диаспорамен өзара іс-қимыл идеологиясы мен тәжірибесінде бірқатар сапалы өзгерістер болғанын айтуға болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

1948 жылы Израиль мемлекеті жарияланған кезде, диаспорадан еврейлердің жаппай эмиграциясы күтілді. Осы мақсатпен 1950 жылдың 5 шілдесінде Кнессет Израильге еврейлердің репатриациялану құқығын жариялайтын «Қайту заңы» қабылдады. Аталған заң еврей диаспорасы мен Израиль мемлекеті арасындағы қатынастарды реттейді. Бұл заң Израиль мемлекетін еврей ұлттық мемлекеті ретінде құру мен оның өмір сүруінің негізінде жатқан сионизм идеологиясын заңды түрде білдіреді. Осы заңға сәйкес, әрбір еврейдің Израильге репатриациялану құқығы бар. Репатриация мәселелерімен айналысатын негізгі орган – Абсорбция министрлігі. Ол репатрианттарды Израильде орналастыру және тиімді бейімдеу мәселелерімен айналысады. Еврей Агенттігі «Сохнут» Израильге еврей репатрианттарын тарту және анықтау үшін арнайы бағдарламаларды әзірлеуге қатысады.

50-80-ші жылдары репатриациялық саясат Израиль мен еврей қауымдастықтары арасындағы қатынастардың негізгі өзегі болды, бұл тек сионистік арманы іске асыру, еврейлерді жинау ұмтылысы ғана емес, сонымен бірге айтарлықтай идеологиялық себептермен түсіндірілді [1, 135-б.].

90-шы жылдардағы репатриациялық саясаттың дағдарысы Израильдің еврей эмиграциясын қабылдауға қабілетсіздігін көрсетті. Сонымен қатар, Израиль мен еврей диаспорасының өзара қатынастары соңғысы маңызды буын болып табылады. Себебі ол Израильге қатысты тек жетекші мемлекеттердің саясатын ғана емес, сонымен қатар оның өмір сүруінің кепілі болып табылады. Сондықтан диаспорамен өзара іс-қимыл концепциясын өзгерту қажет болды. Яғни диаспорамен қарым-қатынаста репатриациялық саясаттың негізгі бағытынан бас тартып, қаржылық, саяси және моральдық қолдау алу бағытындағы өзара іс-қимылға көшу қажет болды.

Шынында да, еврей халқы диаспорада Израильдің мүдделеріне қатысты қандай да бір түрде әсер ететін ұлттық билікке ықпал ете алатын фактор ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, диаспора Израиль экономикасына ықтимал инвестор ретінде қарастырылды. Диаспора өкілдері бірлескен кәсіпорындарда қатысып, Израиль тауарларының сыртқы нарықтарға енуіне көмектесіп, елдің бизнес-имиджін қалыптастыруға, технологияларды және шаруашылық ұйымдастырудың модельдерін жаңартуға үлес қосады [1, 134-б.]. Мысалы, Израиль АҚШ-тың Таяу Шығыс саясатын қалыптастыруда еврей лоббиін қалай пайдаланатынын қарастырайық. АҚШ-тағы Израиль лоббиі өте белсенді. Израиль лоббиі негізінен екі ұйымнан тұрады. Өткенде де, қазір де, Израильдің еврей әлеміне қатысты саясатын Америкадағы еврей басшылығы жүргізеді. Ол АҚШ-тың негізгі еврей ұйымдарының президенттер конференциясы арқылы әрекет етеді. Ал Израильдің мүдделерін АҚШ Конгресінде еврей диаспора Американ-израильдік қоғамдық қатынастар комитеті (ЭИПАК) арқылы қорғайды [2].

1973 жылғы Қазан соғысының аяқталуынан бастап, Вашингтон Израильге қолдау көрсетуде басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай көлемді көмек көрсетті. 1976 жылдан бастап Израиль тікелей жыл сайынғы экономикалық және әскери көмек алу бойынша әлемдегі ең ірі елге айналды. Бұл себептерді Израиль лоббиінің орасан зор ықпалынан іздестіруге болады.

Америкалық еврейлер американдық сыртқы саясатқа әсер ету үшін ықпал етуші ұйымдар конгломераттарын құрды. Олардың ішінде AIPAC ең танымал және қуатты ұйым болып табылады. 1997 жылы Fortune журналы конгрессмендер мен олардың көмекшілері арасында сауалнама жүргізді. Оларға Вашингтондағы ең қуатты лоббистік құрылымдарды атап көрсету сұралды. Лоббидің жетістігінің басты факторы оның Конгрестегі күшінде жатыр. Мұнда Израиль іс жүзінде кез келген сыннан толық қорғалған. AIPAC-тың қуатының тағы бір көзі – бұл Конгрестегі Израильге қолдау көрсететін қызметкерлер.

AIPAC Конгреске ықпал ету механизміндегі негізгі құрамдас бөлік болып табылады. Оның жетістігі заң шығарушылар мен парламенттік сайлауға кандидаттарды өз мүдделерін білдіретін етіп көтермелеу және қарсыластарын жазалау мүмкіндігімен байланысты. Ақша американдық сайлау процесінде орасан зор рөл атқарады (бұл туралы біз Джек Абрамовтың лоббистік ісі туралы дауға байланысты еске түсіре аламыз). Аталған ұйым кейбір деректерде өздерінің жақтастарына қаржылық қолдау жасайды деп те айтылады [2].

Лоббидің көзқарасы БАҚ-тарда басымдыққа ие. Жаңалықтар бағдарламалары бағалау тұрғысынан біршама теңдестірілген болып келеді, бұл жартылай репортерлердің объективтілікке ұмтылуынан, жартылай оккупацияланған аймақтардағы жағдайды Израильдің іс-әрекеттерін айтпай көрсетудің қиындығынан туындайды. Лобби өзіне жағымсыз репортаждардың эфирге шығуына кедергі келтіру үшін хаттармен «бөгдеуге» арналған науқандар, демонстрациялар мен жаңалықтарды бойкоттау науқандарын бастайды, мұның мазмұны Израильге қарсы деп саналады.

Произраильдік көзқарас сонымен қатар қоғамдағы пікірталас пен саясатты қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын интеллектуалдық мекемелер арасында да басым.

Сонымен, Израиль лоббиі, Тель-Авивтің саяси бағыттарын басшылыққа ала отырып, үш стратегиялық міндетті шешеді. Біріншіден, Вашингтонда үлкен ықпалға ие болып, заң шығарушы және атқарушы билікке қысым жасай отырып, Израиль саясатын АҚШ үшін «ең ақылды» таңдау ретінде көрсету үшін барын салады. Екіншіден, БАҚ-тардағы үлкен ықпалын пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу орталықтарын мол қаржыландырып, Конгрестегі өздерінің үгітшілерін белсенді пайдалана отырып, Израиль туралы қоғамдық пікірде тек оң көзқарастарды көрсетуге қол жеткізуге тырысады [2].

Қытайлық мигранттар санының өсуі мен аумақтық шоғырлануы заңды түрде қытай диаспорасының қалыптасу процесін бастады. Бұл диаспораны зерттеуді тарихи қалыптасқан ұғымдық-терминологиялық аппараттың күрделілігі одан әрі қиындатады. ҚХР-дың «Оралған хуацяо мен олардың туыстарының құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы» 1990 жылғы 7 қыркүйектегі Заңына сәйкес, шетелде тұратын қытайларға қатысты бірнеше атау мен түсіндірме бар.

«Тунбао» / «отандастар» (қытайша 同胞 – tóngbāo) – Қытай Республикасының аумағында және арнайы әкімшілік аудандарда (Гонконг және Макао) тұратын қытайлар. Олар іс жүзінде қытай диаспорасының өкілдері болып саналмайды.

«Хуацяо» / «қытайлық мигранттар» (қытайша 华侨 – huáqíáo) – Қытайдан тысқары тұрақты тұратын және ҚХР, Қытай Республикасы немесе арнайы әкімшілік аудандардың (Гонконг пен Макао) азаматтығына ие адамдар. Тарихи тұрғыдан бұл ұғым уақытша шетелге қоныс аударған қытайларға қатысты қолданылған және басқа елдерде тұрақты тұратын адамдарды қамтымаған. Бұл термин орыс тілді ғылыми әдебиетте кең таралған [3].

«Вайцзи хуажэнь» / «шетелдік азаматтығы бар қытайлар» (қытайша 外籍华人 – wàijí huárén) – шетелдік азаматтық алған немесе туғаннан бастап ие болған қытайлар, хуацяо және олардың ұрпақтары. Бұл азаматтықты алған сәттен бастап олар ҚХР, Қытай Республикасы немесе арнайы әкімшілік аудандардың азаматтығынан автоматты түрде айырылады. Бұл термин – шетелдік азаматтығы бар қытай текті адамдарды білдіреді. Қысқаша нұсқасы – «хуажэнь» / «қытайлар» (қытайша 华人 – huárén).

«Хуаи» / «қытай ұрпақтары» (қытайша 华裔 – huàyuì) – қытай мигранттарының ұрпақтары, яғни Қытайдан тыс жерде туып-өскен, шетелде білім алып, сол жақта әлеуметтенген, екінші, үшінші буын мигранттар. Хуаи – хуажэнь тобының құрамына кіреді.

«Хайвай хуажэнь» / «шетелдік қытайлар» (қытайша 海外华人 – hǎiwài huárén) – Қытайдан тыс жерлерде тұратын барлық қытайлар мен қытай текті адамдар.

1978 жылғы желтоқсанда өткен Қытай Коммунистік партиясының XI съезінің III пленумы аяқталғаннан кейін, шетелде тұратын қытай диаспорасы (хуацяо) Қытай қоғамының «ажырамас бөлігі» деген бейресми мәртебеге ие болды. Алайда, Қытай Халық Республикасының ұлттық саяси дискурсына хуацяоны оң тұрғыдан енгізу жұмысы 1977 жылы-ақ басталған еді. Сол жылы «Жэньминь жибао» газеті Дэн Сяопиннің хуацяомен қарым-қатынасты қалпына келтіру туралы идеясын қолдап, шетелдегі қытайлармен байланыстарды дамыту қажеттігін атап өтті [4].

Дегенмен, Мао Цзэдун бастаған Қытай басшылығының бірінші буыны билік еткен кезеңде де қытай диаспорасы саяси назарда болды, бірақ мүлде басқа қырынан қарастырылды. Мао Цзэдунның саяси бағдарламасы шетелдегі қытай диаспорасын маоизм идеяларын тарату құралы ретінде қарастырды. Бұл саясат сәтсіздікке ұшырап, екі теріс салдарға әкелді. Біріншіден, хуацяо өздері тұратын елдерде маоистік идеологияны таратушы агенттер ретінде қабылданып, олардың жағдайы күрт нашарлады; екіншіден, бұл саясат диаспора мен Қытайдағы туыстар арасындағы дәстүрлі байланыс арналарының жұмысына кедергі келтіріп, кландық ауылдардың әл-ауқатына және ҚХР экономикасына салынатын инвестицияларға кері әсерін тигізді [4].

Дэн Сяопиннің бағыты Маоның саясатын түбегейлі өзгертті. Ол Қытай мен шетелде тұратын «отандастар» арасындағы дәстүрлі өзара іс-қимыл жолдарын жалғастырып, бірінші буын басшыларының осы салада жіберген қателіктерін ескерді.

1970-жылдардың басында Австралияда орын алған үлкен өзгерістер мен Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) дипломатиялық қатынастардың орнауының арқасында Қытайдан ғана емес, Оңтүстік-Шығыс Азияның барлық елдерінен де қытайлық мигранттар Австралияға қайта келе бастады.

Қытайдың шетелдегі диаспорасы – әлемдегі ең ірі диаспора болып табылады: әртүрлі деректер бойынша оның саны 41 миллионнан 50 миллион адамға дейін жетеді. Бұл ретте, шетелдік қытайлардың басым көпшілігі – шамамен 32 миллион адам – Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тұрады. Хуацяоның этникалық құрамы да қызығушылық тудырады. Эмигранттардың көпшілігі хоккяньдер (Фуцзянь провинциясынан шыққандар),

чаочжоулықтар (Гуандун провинциясының Чаочжоу уезінен), кантондықтар (ҚХР оңтүстігі мен Сянган), хаккалар (Қытайдың оңтүстігі), сондай-ақ Хайнань аралынан шыққандар.

Сонымен қатар, хуацяоның басым бөлігі шыққан Қытайдың оңтүстік өңірлері – ғасырлар бойы көші-қон дәстүрі қалыптасқан, «цяосан» деп аталатын аймақтар болып саналады. Цяосан – бұл эмигранттық ауылдар, олардың тұрғындары сырт елдерге қоныс аударғанымен, сол ауылмен тығыз қарым-қатынасын үзбейді.

Қытай диаспорасының экономикалық қуатын ерекше атап өткен жөн. Түрлі бағалаулар бойынша, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай диаспорасы сол елдер халқының небары 3-4%-ын құрағанымен, тиісті мемлекеттердің ЖІӨ-нің 50-70%-ын иемденіп отыр. Олар өндірістен бастап, қызмет көрсету мен банк секторына дейін көптеген экономикалық салада елеулі табыстарға қол жеткізген [5].

Қытай мен қытай диаспорасы арасындағы тек ҚХР-дың саяси мүдделеріне негізделген өзара қарым-қатынас моделі «Мәдени революция» (1966-1976) кезеңінде тиімсіздігін көрсетті. Дэн Сяопин бастаған хуацяоға қатысты жаңа саяси бағыт ең алдымен өзара қоғамдық-мәдени ықпал мен ортақ экономикалық мүдделерге негізделді.

1978 жылы Австралияға қытайлық студенттер көптеп келе бастады, олар кейін осы жерде тұрақты қоныстанып қалды.

Қытайлық миграцияға бірнеше факторлар әсер етті:

◆ Экономикалық: Австралияда жан басына шаққандағы ЖІӨ Азия елдеріне қарағанда жоғары болды.

◆ Әлеуметтік: Еуропалық мәдениеттен айырмашылығы, қытай мәдениеті – отбасына бағытталған. Сондықтан көптеген қытайлықтар Австралияға өз туыстары мен таныстарына иммиграция жасады.

◆ Саяси: XX ғасырдың екінші жартысында Қытайда Австралияға иммиграция толқындарын тудырған бірнеше оқиға орын алды.

Біріншіден, 1979 жылы Қытайда бір бала саясаты енгізілді. Ерекше жағдайларды есептемегенде, қытай отбасына бір ғана балаға рұқсат етілді. Бұл тыйымды бұзған отбасыларға қатаң шаралар қолданылды, оның ішінде үлкен айыппұлдар да бар еді. Осыған байланысты, егер қытай отбасында Австралия аумағында екінші бала дүниеге келсе, оларға босқын мәртебесі берілетін [6].

Алайда ең маңызды фактор 1989 жылы Тяньаньмэнь алаңында болған оқиғалар болды. Бұл Батыс елдеріне, соның ішінде Австралияға да, жаппай көшуге себеп болды. Тяньаньмэнь алаңындағы оқиғалардан кейін Австралия үкіметі қытайлық миграцияға қатысты саясатының негізін тағы да өзгертті. Боб Хоук үкіметі 1989 жылға дейін Қытайдан Австралияға келген шамамен 40 мың студентке осы жерде қалуға рұқсат беруге шешім қабылдады [7].

1990-жылдардан бастап Қытайдан Австралияға иммиграция арта түсті. Бүгінде қытай диаспорасының саны шамамен 1 177 400 адамды құрайды [8], оның 526 мыңы – бірінші буын мигранттар. Этникалық қытайлар Австралияда азамат, уақытша жұмысшы, студент, кәсіпкер, дипломат, босқын және т.б. ретінде өмір сүруде. Олардың әртүрлілігі қытай диаспорасының күрделілігін және «қытайлық болу» ұғымының шекарасының бұлдырлығын көрсетеді. Сондықтан қытай диаспорасы өкілдерінің нақты санын анықтау қиын.

1980-жылдары Австралия үкіметі Бизнес-миграция бағдарламасын қабылдағаннан кейін, қытай мигранттарының жаңа тобы пайда болды. Бұл кәсіпкерлік тәжірибесі бар

және Австралияда бизнес ашуға капиталы жететін адамдар. Әсіресе қытайлық бизнес-мигранттардың үлкен толқыны 1997 жылы Гонконг Қытайдың юрисдикциясына қайтарылғаннан кейін келді. Бүгінде австралиялықтың этникалық тегін нақты анықтау қиын, себебі халық санағында бұл көрсеткіш қамтылмайды. Дегенмен, сарапшылардың айтуынша, этникалық қытайлардың бизнесі негізінен сауда саласында шоғырланған.

XX ғасыр бойы қытайлар көкөніс пен жеміс-жидек сатуымен сәтті айналысып келді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін елдің түкпір-түкпірінде қытай кафелері мен мейрамханалары ашыла бастады. Бұл екі бизнес бағыты бүгінгі күнге дейін этникалық қытайлар арасында танымал. Қазіргі таңда қытай кәсіпкерлері көтерме саудамен де айналысуда.

Қытай диаспорасы – Қытайдан шыққан австралиялық кәсіпкерлерді қолдайтын маңызды ресурс. Қытайдан келген кәсіпкерлер қытайлық серіктестерге экономикалық артықшылықтар ұсынады [9]. Бұдан бөлек, олар өздерінің «отанындағы» (достары, туыстары және т.б. арқылы) байланыстарын белсенді пайдаланады. Сондықтан қытайлар Қытай Халық Республикасынан келген компаниялармен бизнес жүргізуде табыстырақ.

Диаспора факторы мигранттардың бейімделуінде де үлкен рөл атқарады. Өйткені көптеген қытай кәсіпкерлері жаңадан келген отандастарына жұмыс табуға көмектеседі. Қытайлардың Австралиядағы басқа да іскерлік мүдделері киім, тоқыма, зергерлік бұйымдар, электроника өндірісі мен туризм салаларында шоғырланған.

Осылайша, қытай халқы жақсы білім алған, ал олардың негізгі жұмыс салалары – ақпараттық технологиялар мен сауда. Қытай диаспорасындағы кәсіпкерлердің арқасында қытай-аустралиялық сауда қатынастары белсенді дамуда. Олардың компаниялары Австралия экономикасына миллиардтаған доллар пайда әкелуде.

Сонымен қатар, этникалық қытайлар елдегі барлық деңгейлерде және дерлік барлық мамандықтарда, соның ішінде саясатта да кездеседі. Мысалы, 2010 жылы Оңтүстік Аустралиядағы Бердвуд қаласында жеті кеңесшінің екеуі қытай текті болды – бірі Лейбористік партиядан, ал екіншісі Либералдық партиядан [7].

Жалпы алғанда, қытайлар – жақсы білімді, экономиканың стратегиялық секторларында шоғырланған, ірі көші-қон қауымдастық [10].

Үндістанның мемлекеттік статистикасы бойынша шетелде тұратын үндістердің (оларды «праваси» деп атайды) саны шамамен 27 миллион адамды құрайды, бұл ел халқының жалпы санының небәрі 0,9%-ын ғана құрайды. Дүниежүзілік банктің бағалауынша, 1990-жылдардың соңынан бастап Үндістаннан 11,4 миллион адам шетелге кеткен [11].

Ең ірі үнді диаспоралары АҚШ-та (2 миллионнан астам), Малайзияда (2 миллион), Сауд Арабиясында (1,78 миллион), Біріккен Араб Әмірліктерінде (1,7 миллион), Шри-Ланкада (1,6 миллион), Ұлыбританияда (1,5 миллион), Оңтүстік Африкада (1,2 миллион), Канадада (1 миллион), Маврикийде (0,8 миллион) тұрады. Шамамен жарты миллион үнді азаматы Тринидад пен Тобагода, Аустралияда, Катарда, Кувейтте, Оман мен Сингапурда өмір сүреді. Бахрейнде, Гайанада, Мьянмада, Фиджиде, Францияның теңіз асу аймақтарында (Реюньон, Гваделупа, Мартиника) әрқайсында үш жүз мыңға жуық үнділер бар [12].

XIX ғасырдағы көші-қонның негізгі толқыны еуропалық отаршылдардың арзан, біліксіз жұмыс күшін Оңтүстік және Шығыс Африкаға, Кариб теңізі аймағына, Фиджи

аралдарына, Оңтүстік-Шығыс Азияға, Шри-Ланкаға «экспорттауымен» байланысты болды. Үндістер Ұлыбританияның Шығыс Африкадағы отарлық аумақтарды игеруіне белсенді қатысып, елді мекендер мен жолдар салуға қаржы салды. «Үнді қолдары» бұл өңір елдерінің экономикалық өмірінің барлық салаларында еңбек етті, соның ішінде Кения, Уганда, Танганьика мен Занзибар әкімшіліктерінде де жұмыс істеді. Британдықтар үнді факторының Шығыс Африкадағы отарлық аумақтарды игерудегі маңызды рөлін мойындауға мәжбүр болды [13].

Миграция мәселелері мен шетелдегі ұлттық диаспораның жағдайы ұзақ уақыт бойы Үндістанның ішкі және сыртқы саясатының басымдықтарына кірмеген. Алайда уақыт өзгерді. Қазіргі ресми көзқарас бойынша, шетелдегі үнділер – «түрлі діндерді, тілдерді, мәдениеттер мен наным-сенімдерді ұстанатын әртүрлі, біркелкі емес әрі эклектикалық қауымдастық» болғанымен, оларды біріктіретін ортақ желі бар. Ол – Үндістан идеясы мен оның ішкі құндылықтары [14].

1998 жылдың жазындағы оқиғалар айқын көрсеткендей, ядролық құрылғылар сынақтан өткізілгеннен кейін халықаралық қауымдастық Үндістанға экономикалық санкциялар саламыз деп сес көрсеткен кезде, үнді диаспорасының патриоттық сезімдері байқалды. Үндістан үкіметінің шетелдегі диаспораға үндеу жасағанынан кейін бір айға жетпейтін уақыт ішінде үнді қауымдастықтарының өкілдері Үндістанды жаңғырту облигацияларына шамамен 4 миллиард доллар көлемінде қаражат салды [14].

2000 жылы Үндістан үкіметі шетелдегі үнді диаспорасы мәселелері жөніндегі Жоғары деңгейлі комитетті (High Level Committee on Indian Diaspora) құрды. Бұл комитет дайындаған баяндама 2002 жылғы 8 қаңтарда Үндістанның премьер-министрі А. Б. Ваджапайе ұсынылды [13]. Үндістанның ұлттық диаспораға қатысты одан арғы мемлекеттік саясаты осы баяндаманың қорытындыларына негізделді. Оған 2004 жылғы мамырда Шетелдегі үндістер істері жөніндегі министрліктің (Ministry of Overseas Indian Affairs – MOIA) құрылуы [14], 9 қаңтарды Шетелдегі үнді күні деп жариялау, сондай-ақ шетелдік диаспораның көрнекті өкілдерін марапаттау бастамалары енді.

MOIA құзыретіне диаспорамен өзара әрекеттесу мәселелері (басым міндеттердің бірі – Үндістанға инвестиция тарту) мен эмиграция және реэмиграция мәселелері кіреді. Министрлік жұмысын Бесжылдық стратегиялық жоспар [15] және шетелдік үндістермен жұмысқа арналған мақсатты бағдарламалар негізінде жүргізеді. 2006 жылдан бастап ол жыл сайын ауқымды есептер жариялап отырады [14].

MOIA (Шетелдегі үндістер істері жөніндегі министрлік) ұлттық диаспора тұрып жатқан елдердің мемлекеттік құрылымдарымен, ең алдымен эмигранттардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мәселелері бойынша, тығыз жұмыс жүргізуде. Осы мақсатта әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөнінде келісімдер жасалуда (қазіргі уақытта оннан астам елмен осындай келісімдер жасалған), сондай-ақ еңбекпен қамтуға қатысты келісімдер әзірленуде. Еуроодақпен арнайы келісім жасасу жөнінде келіссөздер жүргізілуде.

Министрлік жастармен, соның ішінде Үндістан жоғары оқу орындарында білім алып жатқан шетелдік студенттермен жұмысты (Үндістанның кадрлар және мәдениет министрліктерімен бірлесіп) ерекше назарда ұстайды. MOIA 2006–2007 жылдары басталған «Диаспорадан шыққан балаларға арналған стипендиялар» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырып келеді. Осы бағдарлама аясында жыл сайын PIO (Persons of Indian Origin – Үнді текті шетел азаматтары) және NRI (Non-Resident Indians – Үндістаннан

тысқары тұратын үнді азаматтары) санатына жататын студенттерге 40 елден (үнді қауымдастықтары ең көп орналасқан елдер) 3600 долларға дейінгі шамада шамамен 100 стипендия байқау негізінде беріледі.

МОИА басқа да мүдделі ұлттық салалық ведомстволармен, сондай-ақ көптеген үкіметтік емес ұйымдармен және қорлармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты – Үндістанға шетелдік инвестициялар тарту, тәжірибе алмасу, жұмысқа орналасуға көмектесу және ең алдымен білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы қайырымдылықты дамыту [14]. Диаспора өкілдерімен өзара іс-қимылды жақсарту мақсатында Үндістан Сыртқы істер министрлігінің үйлестіруімен шетелдегі үндістер істері жөніндегі орталықтар (Overseas Indian Centres) құрылуда, әсіресе үнді диаспорасы көп шоғырланған елдерде.

Үндістан үкіметімен түрлі коммерциялық емес ұйымдар белсенді түрде ынтымақтасуда, мысалы, «Indus Entrepreneur» ұйымы – АҚШ пен Ұлыбританияда тұратын үнді кәсіпкерлері құрған бұл ұйым Үндістанның ірі қалаларында өз өкілдіктерін ашқан.

2008 жылғы қаңтарда Үндістан Премьер-министрінің бастамасымен Үнді текті адамдарға арналған Ғаламдық консультативтік кеңестің (Global Advisory Council of People of Indian Origin) құрылғаны жарияланды [15]. Бұл кеңестің мақсаты – шетелде тұрып жатқан Үндістанның үздік ақыл-ойларының тәжірибесі, білімі мен даналығын біріктіру. Бұл жұмыс үнді диаспорасы өкілдерінің Үндістан экономикасына инвестиция тартуына жағдай жасау мақсатында жүргізілмек. Кеңес Үндістаннан тыс тұратын отандастарға қатысты саясат пен бағдарламаларды жүзеге асыруға негіз болатын ұсынымдар әзірлеумен айналысады деп жоспарлануда. Кеңес отырыстары жылына екі рет өткізіледі. МОИА – осы Кеңестің хатшылығы ретінде қызмет атқарады [14].

Шетелдік серіктестермен ынтымақтастық аясында АҚШ-пен байланыстарды нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл тек осы елдің ғылым мен жоғары технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы орнына ғана емес, сонымен қатар Делидің осы елдегі үнді диаспорасымен байланысының ерекше рөліне де байланысты. АҚШ-та ең жоғары табыс табатын үнді топтарының бірі шоғырланған. Сонымен қатар, АҚШ-та тұратын үндістер жіберетін ақша аударымдары Үндістанның ішкі жалпы өнімінің 4 пайызын құрайды.

АҚШ-тағы үнді диаспорасы өкілдерінің табысқа жетуінің немесе жетпеуінің басты факторы – үнділердің америкалық қоғамға қаншалықты кіріге алғаны және америкалық құндылықтар мен өмір салтын қаншалықты қабылдай алғаны. Саяси салада табысқа жету үшін үнді текті кез келген америкалық өз болмысында үндіден гөрі көбірек америкалық болуы тиіс, бұл саясаткерлерді диаспорадан алшақтауға итермелейді.

Бұған осыған дейін айтылған Бобби Джиндал мысал бола алады. «Бобби» есімін бұл америкалық саясаткер ес білгенде әдейі таңдап, өзінің Пиюш деген есімінен бас тартып, католиктік салт бойынша шоқынған. 2016 жылы ол президенттік сайлауға қатысуға шешім қабылдап, өзін «үнді текті америкалық емес, америкалық болып туғанмын» деп мәлімдеді. Әжесі мен атасы қайтыс болғаннан кейін, оның ата-анасы да Үндістанға баруын доғарды. Джиндалдың саяси ұстанымдарына оның сайлау округі – Луизиана штатының ерекшеліктері әсер етті, мұнда халықтың басым көпшілігі католик сеніміндегі және ультраоңшыл көзқарастағы сайлаушылар болған. Бұл саясаткерді өзінің отбасы тарихына және үнділік тамырына деген көзқарасын қайта қарауға итермелейді.

Никки (Нимрата Рандхава) Хейли де америкалық дәстүрлерде тәрбиеленіп, өз діні – сикхизмнен бас тартып, христиан дінін қабылдады. Бірақ соған қарамастан, ол ешқашан

өз үнді тегінен ұялған емес және одан бас тартпайтынын ашық айтқан. Алайда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі АҚШ-тың Тұрақты өкілі ретінде қызмет атқарған кезінде Никки Хейли Үндістанға ерекше жылы қабақ танытқан емес. Ол тек АҚШ үкіметіне есеп береді және бұл Үндістанға қандай да бір жеңілдіктер жасауға мүмкіндік бермейді.

Бұл үнді диаспорасына тән «қосарлы адалдықпен» түсіндіріледі – яғни бір мезгілде тұрып жатқан еліне де, тарихи отанына да адал болу. Бірақ америкалық қоғам жағдайында үнділер өздерінің мәдени бірегейлігін сақтауы мүмкін болғанымен, саяси қызмет тек америкалық құндылықтарға сүйенуге дайын америкалықтар үшін ғана қолжетімді. Бұны Бобби Джиндал мен Никки Хейлидің мысалдары дәлелдейді.

Сондықтан Үндістан үкіметінің АҚШ-тағы диаспораны саяси ықпал ету құралы ретінде қарастыруға қатысты үміттері бір кедергіге – АҚШ-та тұратын кез келген үнді азаматының «американизациялануы» қажеттігіне тіреледі. Жаңа азаматтық алған үндістер өздерінің шыққан тегін ұмытпай, шетелде Үндістанның жағымды бейнесін ілгерілетеді, бірақ АҚШ-тың саяси жүйесіне соншалықты кіріге алмайды, бұл оларға әлемдік держава ретіндегі елдің сыртқы саясатына ықпал етуге мүмкіндік бермейді. Қанша жерден «балқытатын қазан» (melting pot) «салат табағына» (salad bowl) айналды деп айтылғанымен, тіпті Үндістан секілді ұлы өркениеттің өкілдері де америкалық саясатқа араласқан сәтте өз мұраларынан бас тартуға мәжбүр болады [16].

Қазақстанда шетелдегі диаспорамен мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланыстарды кеңейту мен нығайтуға бағытталған «Отандастар қорының» басты жобаларының бірі – «қазақ үйі» атты қазақ мәдени-іскерлік үйінің аясында бүкіл әлем бойынша іскерлік үйлер мен мәдени орталықтардың желісін құру болып табылады. Бұл орталықтар қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін насихаттауға, ұлттық брендтерді танымал етуге, қазақ тілін сақтауға, қолдау көрсетуге, сондай-ақ қазақстандық өнімді экспортқа шығаруға, бизнес-келісімшарттар жасауға, инновациялық және серпінді жобаларды іске асыру үшін дарынды мамандар мен серіктестерді іздеуге жәрдемдесуге арналған. Қазақстанда инвесторларды тарту бағытында «KAZAKH INVEST Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғам қызмет етеді, ол «Бір терезе» қағидаты бойынша қызметтер ұсынады. Компания ақпараттық қолдау көрсетіп, өңірлерге танысу сапарларын ұйымдастырады, сондай-ақ қаржыландыру, субсидиялар, гранттар, преференциялар, рұқсат құжаттарын алу және басқа да мемлекеттік қызметтерді рәсімдеуге көмек көрсетеді. Бұдан бөлек, «KAZAKH INVEST» іскерлік байланыстар орнатуға жәрдемдесіп, инвестициядан кейінгі қолдау жұмыстарын жүргізеді. Компанияның ресми сайтында инвесторларға арналған 150-ден астам инвестициялық ұсыныс жарияланған, бұл ұсыныстар шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдері үшін ерекше қызықты болуы мүмкін. «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясының шетелдік өкілдері қазақ диаспорасы тұратын Қытай, Түркия, Германия және АҚШ сияқты 9 елде жұмыс істейді. «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қарамағындағы ведомстволық бағынысты ұйым болып табылады және «Отандастар» қоры. Екі құрылымда қазақ диаспорасын ұлттық дамуға тарту ісінде тығыз ынтымақтастық үшін әлеуетке ие [17].

«Отандастар қоры» әлемнің 40-қа жуық мемлекетінде орналасқан 200-ден аса қазақ мәдени ұйымдарымен тұрақты әрі тығыз қарым-қатынас орнатып отыр. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – шетелде тұратын қандастардың тарихи Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру, олардың рухани байланысын күшейту және ұлттық мәдениет

пен дәстүрді кеңінен насихаттау болып табылады. Осы бағытта бір жыл ішінде көптеген маңызды іс-шаралар жүзеге асты.

2024 жылы «Отандастар қоры» мамыр айында Мәскеуде, маусым айында Ыстанбұл, Конья және Анкара қалаларында, тамызда Бейжің мен Үрімшіде, ал қазан айында Франкфурт, Залах пен Венада, қарашада Сингапур, Сеул, Инчхон, Токио және Йокогамада тұратын қандастармен кездесу ұйымдастырды. Бұл басқосулар арқылы қазақ халқының рухани бай мұрасы насихатталып, ынтымақтастық пен өзара түсіністікке негізделген маңызды байланыстар орнады.

Сонымен қатар, түркі дүниесінің мәдени астанасы саналатын Түркияның Конья қаласында қазақ мәдениеті мен іскерлік әлеуетінің белгісіне айналған «Abai Üi» мәдени-іскерлік үйі ашылды. Бұл бастама тек мәдениетті қолдап қоймай, сонымен бірге шетелдегі қазақтардың экономикалық мүмкіндіктерін де кеңейтті.

Аталған іс-шаралар шетелдегі қазақ мәдениетінің мәртебесін биіктетіп қана қоймай, отандастардың ұлттық болмысына деген мақтаныш сезімін нығайтуға зор үлес қосты.

Қазақ тілі мен мәдениетін шетелдегі қандастар арасында кеңінен тарату жолындағы тағы бір маңызды қадам – «Отандастар қоры» мен Қазақстан Жазушылар одағы қолға алған «Ұлы дала» халықаралық әдеби байқауы болды. Бұл жоба – шетелдегі этникалық қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын қолдауға, олардың туындыларын кең аудиторияға таныстыруға және қазақ мәдениетінің бірегейлігін сақтау мен нығайтуға бағытталған. 2023 жылы байқау аясында шетелде тұратын қазақ ақын-жазушыларының 10 кітабы, ал 2024 жылы тағы 9 кітабы жарық көрді [18].

Қорытынды

Қазіргі жаһандану дәуірінде диаспоралар ұлттық шекаралардан тыс жатқан, бірақ мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ете алатын маңызды трансұлттық акторлар ретінде танылып отыр. Израиль, Қытай, Үндістан және Қазақстанның шетелдегі диаспоралармен жүргізіп отырған саясаттары осының айқын дәлелі бола алады. Бұл мемлекеттер өз диаспораларын ұлттық мүддені қорғау мен жаһандық аренада елдің беделін арттыру жолында стратегиялық ресурс ретінде қарастырады.

Израильдің еврей диаспорасымен байланысы – ең сәтті және жүйелі жүзеге асырылған модельдердің бірі. 1950 жылғы «Қайту заңы» арқылы Израиль еврейлерге өз отанына оралуға құқық беріп, сионистік идеологияны заңдастырды. Сонымен қатар, АҚШ-тағы АІРАС секілді ықпалды лобби арқылы Израиль сыртқы саясатта өз мүдделерін сәтті қорғап келеді.

Қытай болса, тарихи түрде хуацяоға қатысты әртүрлі саясат ұстанғанымен, қазіргі таңда Дэн Сяопин тұсынан бастау алған прагматикалық бағыт арқылы шетелдегі қытайлармен экономикалық және мәдени ынтымақтастықты күшейтуге ерекше мән беріп отыр. Қытай диаспорасы, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Азияда, экономикалық тұрғыдан айтарлықтай ықпалға ие болып, жергілікті экономиканың 50-70%-ын бақылайды деген деректер кездеседі. Бұл олардың тек отанымен ғана емес, қабылдаушы елдермен де тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Үндістан да диаспорамен қарым-қатынасты жүйелі деңгейде жолға қойған елдердің қатарында. Ел үкіметі шетелдегі үнділермен жұмыс істеу үшін арнайы комитеттер мен министрліктер құрып, олар арқылы инвестиция тарту, мәдени байланыс орнату, сондай-

ақ «қосарлы адалдық» сияқты күрделі мәселелерді шешуге талпынып отыр.

Қазақстан жағдайында шетелдегі қазақ диаспорасына бағытталған саясат соңғы жылдары белсенді дамып келеді. «Отандастар қоры», «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы, «Қазақ үйі» жобасы және «Ұлы дала» әдеби байқауы сияқты бастамалар шетелдегі қазақтардың ұлттық болмысын сақтауға, мәдени-рухани байланыстарын нығайтуға және экономикалық ықпалдастықты арттыруға бағытталған.

Осы төрт елдің тәжірибесін салыстыра отырып, диаспорамен тиімді жұмыс істеудің мемлекет үшін тек гуманитарлық қана емес, стратегиялық, экономикалық және саяси пайда әкелетінін көруге болады. Бұл өз кезегінде, мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін, мәдени мұрасын сақтау мен халықаралық ықпалын арттыру жолында диаспоралардың рөлін одан әрі күшейтуді талап етеді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Чинчалинов Е.К. – зерттеу тұжырымдамасын негіздеу (тақырыпты анықтау зерттеу мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау), дереккөздерді жинау және талдау, ғылыми мақаланы техникалық рәсімдеу;

Мухлисов Н.К. – мәтінді түзету және өңдеу; тақырыпқа байланысты бағыт-бағдар беру;

Абдрахманова Г.С. – зерттеу материалдарын жүйелеу, нәтижелерді талдау және қорытынды жасау.

Әдебиеттер тізімі

1. Зайцева, О. (2003) «Еврейская политика в диаспоре и диаспоральная политика в Израиле», Востокведный сборник, 5, стр. 133-151.
2. Лернер, М. (2007) «Израильское лобби - это хорошо для евреев?» Tikun Magazine. Часть 2.
3. Мұсатаев, С.Ш., Оразақынқызы, Ф., Шәмшиев, П.Р. (2021) «Атамекенді дамытудағы шетелдік диаспораның рөлі: қытайлық «Хуацяо» мысалында», ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы, 2 (76), бб. 112-122.
4. Нежданов, В.Л. Китайская диаспора и Китай: общественные и экономические отношения для взаимного политического блага. Доступно по ссылке: https://china.ivran.ru/f/Nezhdanov_V.L._Kitajskaya_diaspora_i_Kitaj.pdf (дата обращения: 3 декабря 2024 г.).
5. Bolt Paul, J. (2000) China and South-East Asia's Chinese. Westport (Conn.), London: Praeger.
6. Каткова, Е.Ю. Роль Китайской диаспоры в формировании новой иммиграционной политики Австралии. Доступно по ссылке: <http://journals.rudn.ru/internationalrelations> (дата обращения: 03 декабря 2024 г.).
7. Jakubowicz, A. (2011) 'Chinese Walls: Australian Multiculturalism and the Necessity for Human Rights', Journal of Intercultural Studies, 32, pp. 691-706.
8. Liu, X. (2016) 'Australia's Chinese and Indian Business Diasporas: Demographic Characteristics and Engagement in Business', Trade and Investment, Melbourne: ACOLA.
9. Success in Sino-Australian Relations. Available via the link: <http://researchrepository.murdoch.edu.au/id/eprint/89/4/02Whole.pdf> (Accessed: 03 december 2024).
10. Кртян, Л.А. Диаспора как инструмент внешней политики государств. Доступно по ссылке: <http://cyberleninka.ru/article/n/diaspora-kak-instrument-vneshney-politiki-gosudarstv> (дата обращения: 03 декабря 2024 г.).

11. Международные мигранты составляют около 3 % населения мира, 20 % из них проживают в США. Доступно по ссылке: <http://demoscope.ru/weekly/2010/0445/barom01.php> (дата обращения: 03 декабря 2024 г.).

12. Ministry Of Overseas Indian Affairs Annual Report (2010-2011). Available via the link: http://moia.gov.in/writereaddata/pdf/Annual_Report_2010-2011.pdf (Accessed: 03 december 2024).

13. Машьянова, Л.Д. (2006) Индийский Национальный Конгресс: защита социально-политических и экономических интересов индийской диаспоры в Британской Восточной Африке: 1885-1934 гг.: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата наук. Влодмир, с. 26.

14. Бабурова Н. Диаспоральная политика Индии: формула успеха. Доступно по ссылке: https://ruvek.mid.ru/publications/diasporalnaya_politika_indii_formula_uspekha_8655/ (дата обращения: 03 декабря 2024 г.).

15. Prominent NRIs join PM's Global Advisory Council. Available via the link: <http://overseasindian.in/2009/jan/news/20092401-094458.shtml> (Accessed: 03 december 2024).

16. Индийская диаспора как инструмент мягкой силы Индии и ее влияние на политику США. Доступно по ссылке: <https://internationalstudies.ru/indijskaya-diaspora-kak-instrument-myangkoj-sily-indii-i-ee-vliyanie-na-politiku-ssha/> (дата обращения: 03 декабря 2024 г.).

17. Магауянов, Д.А, Жампеисов, Д.А. Диаспора мен өзара іс-қимылдың халықаралық-құқықтық негіздері мен саясаты: шетелдік тәжірибе және ағымдағы тәжірибені талдау. Сілтеме арқылы қол жетімді: <http://legalitas.semuniver.kz/index.php/main/article/view/122/37> (қаралған күні: 03 желтоқсан 2024 ж.).

18. Қадыров, Д. Шетелдегі қазақтармен байланыс: 2024 жылғы басты жетістіктер. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://egemen.kz/article/379101-sheteldegі-qazaqtarmen-baylanys-2024-dgylghy-basty-dgetistikter> (қаралған күні: 03 желтоқсан 2024 ж.).

Е.К. Чинчалинов¹, Н.К. Мухлисов², Г.С. Абдрахманова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Университет Туран-Астана, Астана, Казахстан

(E-mail: e-liga11@mail.ru, muhlisgulnara@mail.ru, Gauhar-abdrahmanova@mail.ru)

Роль диаспор в глобальной политике: опыт Израиля, Китая, Индии и Казахстана

Аннотация. Диаспоры играют важную роль в современной глобальной политике как транснациональные акторы. Они поддерживают связи с родиной и страной пребывания, оказывая политическое и экономическое влияние. Создание государства Израиль и отношения с еврейской диаспорой являются ярким примером этого процесса. Закон о возвращении 1950 года узаконил право евреев на репатриацию в Израиль, закрепив идеологию сионизма. Кризис репатриационной политики 1990-х годов потребовал пересмотра форм взаимодействия с диаспорой. Израиль использует политический и экономический потенциал еврейской диаспоры через влиятельное лобби АИРАС в США, которое играет важную роль во внешней политике, защищая интересы Израиля и формируя положительный имидж страны в Вашингтоне и СМИ.

Рассматриваются понятия и терминология китайской диаспоры, а также её сложность. Анализируется история миграции китайцев в Австралию, включая политические и экономические факторы 1970-1990-х годов. Особое внимание уделяется социально-экономической интеграции китайской диаспоры в Австралии, её активности в предпринимательстве и образовании, а также экономическим связям с родиной.

Обсуждается глобальное расселение индийской диаспоры и политика правительства Индии по регулированию её положения. Численность индийцев за рубежом составляет около 27 миллионов, основные общины проживают в США, Малайзии, Саудовской Аравии и ОАЭ. С 2000 года правительство реализует программы работы с диаспорой через специализированные комитеты и министерства, направленные на привлечение инвестиций и решение социальных вопросов. Анализируется феномен «двойной лояльности» индийской диаспоры в США.

Политика Казахстана в отношении поддержки казахской диаспоры за рубежом осуществляется через деятельность фонда «Отандастар» и национальной компании «KAZAKH INVEST». Проект «Қазақ үйі» создает сеть культурных центров по всему миру, способствующих популяризации казахского языка и культуры. Международные мероприятия и литературный конкурс «Ұлы дала» укрепляют духовные связи диаспоры и направлены на сохранение культурного наследия. Все эти инициативы способствуют укреплению национальной идентичности казахской диаспоры и развитию экономического сотрудничества.

Ключевые слова: диаспора, транснациональные акторы, Израиль, еврейская диаспора, социальная интеграция, индийская диаспора, инвестиции, двойная лояльность, Казахстан, казахская диаспора, культурные центры, государственная политика.

Y.K. Chinchalinov¹, N.K. Mukhlisov², G.S. Abdrakhmanova¹

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Turan-Astana University, Astana, Kazakhstan*

(E-mail: e-liga11@mail.ru, muhlisgulnara@mail.ru, Gauhar-abdrahmanova@mail.ru)

The Role of Diasporas in Global Politics: The Experience of Israel, China, India, and Kazakhstan

Abstract. Diasporas play a significant role in contemporary global politics as transnational actors. They maintain connections with both their homeland and host countries, exerting political and economic influence. The establishment of the State of Israel and its relationship with the Jewish diaspora serve as a clear example of this process. The 1950 Law of Return legalized the right of Jews to repatriate to Israel, solidifying the ideology of Zionism. The repatriation policy crisis of the 1990s necessitated a reconsideration of interaction forms with the diaspora. Israel leverages the political and economic potential of the Jewish diaspora through the influential AIPAC lobby in the United States, which plays a crucial role in foreign policy by protecting Israel's interests and shaping a positive image of the country in Washington and the media.

The concepts and terminology of the Chinese diaspora are examined, highlighting its complexity. The history of Chinese migration to Australia is analyzed, including the political and economic factors of the 1970s–1990s. Special attention is given to the socio-economic integration of the Chinese diaspora in Australia, their activity in entrepreneurship and education, as well as their economic ties with the homeland.

The global dispersion of the Indian diaspora and the Indian government's policy on regulating its status are discussed. The number of Indians abroad is approximately 27 million, with major communities residing in the USA, Malaysia, Saudi Arabia, and the UAE. Since 2000, the government has implemented programs to work with the diaspora through specialized committees and ministries aimed at attracting investment and addressing social issues. The phenomenon of “dual loyalty” of the Indian diaspora in the USA is also analyzed.

Kazakhstan's policy to support the Kazakh diaspora abroad is implemented through the activities of the "Otandastar" Foundation and the national company "KAZAKH INVEST." The "Қазақ үйі" (Kazakh House) project creates a network of cultural centers worldwide that promote the Kazakh language and culture. International events and the "Ұлы дала" (Great Steppe) literary contest strengthen the spiritual ties of the diaspora and aim to preserve cultural heritage. All these initiatives contribute to strengthening the national identity of the Kazakh diaspora and developing economic cooperation.

Keywords: diaspora, transnational actors, Israel, Jewish diaspora, social integration, Indian diaspora, investments, dual loyalty, Kazakhstan, Kazakh diaspora, cultural centers, state policy.

References

1. Zajceva, O. (2003) «Evrejskaya politika v diaspore i diasporal'naya politika v Izraile», Vostokovednyy sbornik, 5, str. 133-151. [in Russian]
2. Lerner, M. (2007) «Izrail'skoe lobbi - jeto horosho dlja evreev?» Tikkun Magazine. Chast' 2. [in Russian]
3. Mysataev, S.Sh., Orazakynkyzy, F., Shamshiev, P.R. (2021) «Atamekendi damytudagy sheteldik diasporanyn roli: kytajlyk «Huacjao» mysalynda», KazYU habarshysy. Filosofiya, madeniettanu, sayasattanu seriyasy, 2 (76), bb. 112-122. [in Kazakh]
4. Nezhdanov, V.L. Kitajskaya diaspora i Kitaj: obshhestvennye i jekonomicheskie otnosheniya dlya vzaimnogo politicheskogo blaga. Dostupno po ssylke: https://china.ivran.ru/f/Nezhdanov_V.L._Kitajskaya_diaspora_i_Kitaj.pdf (data obrashheniya: 03 dekabrya 2024 g.). [in Russian]
5. Bolt Paul, J. (2000) China and South-East Asia's Chinese. Westport (Conn.), London: Praeger.
6. Katkova, E.Ju. Rol' Kitajskoj diasporы v formirovanii novoj immigracionnoj politiki Avstralii. Dostupno po ssylke: <http://journals.rudn.ru/internationalrelations> (data obrashheniya: 03 dekabrya 2024 g.). [in Russian]
7. Jakubowicz, A. (2011) 'Chinese Walls: Australian Multiculturalism and the Necessity for Human Rights', Journal of Intercultural Studies, 32, pp. 691-706.
8. Liu, X. (2016) 'Australia's Chinese and Indian Business Diasporas: Demographic Characteristics and Engagement in Business', Trade and Investment, Melbourne: ACOLA.
9. Success in Sino-Australian Relations. Available via the link: <http://researchrepository.murdoch.edu.au/id/eprint/89/4/02Whole.pdf> (Accessed: 03 december 2024).
10. Krtyan, L.A. Diaspora kak instrument vneshnej politiki gosudarstv. Dostupno po ssylke: <http://cyberleninka.ru/article/n/diaspora-kak-instrument-vneshney-politiki-gosudarstv> (data obrashheniya: 03 dekabrya 2024 g.). [in Russian]
11. Mezhdunarodnye migranty sostavlyajut okolo 3 % naseleniya mira, 20 % iz nih prozhivayut v SShA. Dostupno po ssylke: <http://demoscope.ru/weekly/2010/0445/barom01.php> (data obrashheniya: 03 dekabrya 2024 g.). [in Russian]
12. Ministry Of Overseas Indian Affairs Annual Report (2010-2011). Available via the link: http://moia.gov.in/writereaddata/pdf/Annual_Report_2010-2011.pdf (Accessed: 03 dekabrya 2024 g.).
13. Mash'yanova, L.D. (2006) Indijskij Nacional'nyj Kongress: zashhita social'no-politicheskikh i jekonomicheskikh interesov indijskoj diasporы v Britanskoj Vostochnoj Afrike: 1885-1934 gg.: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata nauk. Vlodimir, s. 26. [in Russian]
14. Baburova N. Diasporal'naja politika Indii: formula uspeha. Dostupno po ssylke: https://ruvek.mid.ru/publications/diasporalnaya_politika_indii_formula_uspekha_8655/ (data obrashheniya: 03 dekabrya 2024 g.). [in Russian]

15. Prominent NRIs join PM's Global Advisory Council. Available via the link: <http://overseasindian.in/2009/jan/news/20092401-094458.shtml> (Accessed: 03 december 2024).

16. Indijskaya diaspora kak instrument myagkoj sily Indii i ee vliyanie na politiku SShA. Dostupno po ssylke: <https://internationalstudies.ru/indijskaya-diaspora-kak-instrument-myagkoj-sily-indii-i-ee-vliyanie-na-politiku-ssha/> (data obrashheniya: 03 dekabrya 2024 g.). [in Russian]

17. Magauyanov, D.A, Zhampeisov, D.A. Diaspora men ozara is-kimyldyn halykaralyk-kykyktyk negizderi men sayasaty: sheteldik tazhiribe zhane agymdagy tazhiribeni taldaу. Silteme arkyly kol zhetimdi: <http://legalitas.semuniver.kz/index.php/main/article/view/122/37> (karalghan kyni: 03 jeltoksan 2024 j.). [in Kazakh]

18. Kadyrov, D. Sheteldegi kazaktarmen bajlanys: 2024 zhylyfy basty zhetistikter. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://egemen.kz/article/379101-sheteldegi-qazaqtarmen-baylanys-2024-dgylghy-basty-dgetistikter> (karalghan kyni: 03 jeltoksan 2024 j.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Чинчалинов Е.К. – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Мухлисов Н.К. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тұран-Астана университеті, Астана, Қазақстан.

Абдрахманова Г.С. – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Чинчалинов Е.К. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Мухлисов Н.К. – доктор исторических наук, профессор, Университет Туран-Астана, Астана, Казахстан.

Абдрахманова Г.С. – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Chinchalinov Y. – PhD doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Mukhlisov N.K. – Doctor of Historical Sciences, Professor, Turan-Astana University, Astana, Kazakhstan.

Abdrakhmanova G.S. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).